

Бағалы қағаздар нарығы жөніндегі заң актілерін пакетін әзірлеу жөнінде тендер дайындау мен оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 наурыз N 326

Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру және оны дамыту Бағдарламасын әзірлеуді жеделдету мен заң актілерінің бірінші кезектегі жобалары үшін қосымша жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 11 наурызынан бастап бағалы қағаздар нарығы

жөніндегі концептуалды заң актілерінің пакетін әзірлеудегі таңдаулы жобалық шешімге конкурс жариялансын:

1996-98 жылдарға арналған Бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасының жобасы;

"Депозитарлық және тіркеушілік қызметі туралы" Заңның жобасы;

"Инвестициялық қорлар мен инвестициялық компаниялар туралы"

Заңның жобасы.

2. Конкурс өткізу жөніндегі Ұйымдастыру сараптау комитетінің құрамы (N 1 қосымшаға сәйкес) бекітілсін.

3. Ұйымдастыру сараптау комитеті:

конкурс шарттарын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін;

1996 жылдың 11 сәуіріне дейінгі мерзімде үміткерлерді іріктеудің қажетті процедураларын жүргізсін және конкурс шарттарына сәйкес (N 2 қосымша) жеңімпаздарды айқындасын.

4. Бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасы мен бағалы қағаздар нарығы жөніндегі заң актілері пакетін әзірлеуге Азия даму банкі бөлген қаражат есебінен сыйлықақы белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 наурыздағы
N 326 қаулысына
N 1 қосымша

Конкурс өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің
Құрамы

Қарағұсова Г.Ж. - Қазақстан Республикасының Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының
төрағасы, төраға
Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы үкіметі
Аппаратының Басшысы, төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің төрағасы
Колпаков К.А. - Қазақстан Республикасының Әділет
министрі
Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
төрағасының орынбасары
Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары
Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
Соболев В.В. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 наурыздағы
N 326 қаулысына
N 2 қосымша

Бағалы қағаздар нарығы бойынша концептуалды заң
актілері жобаларының пакетін - Қазақстан Республикасының
1996-1998 жылдарға арналған Бағалы қағаздар нарығын
дамыту бағдарламасының жобасы мен "Депозитарлық және
тіркеушілік қызмет туралы" және "Инвестициялық қорлар

мен инвестициялық компаниялар туралы" Заңдардың
жобасын әзірлеу жөніндегі
КОНКУРСТЫҚ ШАРТТАРЫ

1. Конкурсқа Қазақстан республикасының және шетел мемлекеттерінің жеке және заңды тұлғалары қатысады.
2. Конкурсқа қатысушыларды тіркеу Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі.
3. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды ұсыну қажет:
конкурсқа қатысуға тапсырыс;
жобаларды әзірлеушілердің құрамы.
4. Конкурсқа қатысуға құжаттар беру мерзімі аяқталысымен Ұйымдастыру сараптау комитеті қабылданған тапсырыстар туралы комитет мүшелері қол қойған хаттаманы ресімдейді.
5. Комитеттің қарауына ұсынылған Бағдарламалар жобасы мен Заңдардың жобаларына мынадай талаптар қойылады:
конкурс шарттары жөніндегі жобалар пакеті толық көлемде ұсынылады;
құжаттардың жобасы машинкаға 1,5 интервалмен екі данада басылған мәтінмен қазақ немесе орыс тілінде тапсырылуы тиіс.
6. Бағдарламалар мен заң актілері жобаларының пакеті 1996 жылдың 4 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына " конкурсқа" белгісімен мына мекен-жай бойынша тапсырылуы керек: 480012, Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 92.
7. Тапсырылған құжаттар пакеті Ұйымдастыру сараптау комитетінің мәжілісінде қаралады.
8. Ұйымдастыру сараптау комитеті өзінің жұмыс регламентін дербес әзірлейді және бекітеді.
9. Ұйымдастыру сараптау комитеті мәжілісінде шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
10. Конкурс нәтижелерін анықтау кезінде Ұйымдастыру сараптау комитеті жеңімпазды анықтау үшін қосымша шарттар белгілеуге құқылы.
11. Ұйымдастыру сараптау комитетінің шешімі хаттамамен ресімделеді. Комитет мүшесі өзінің айрықша пікірін жазбаша білдіруге және оны хаттамаға қосып беруге, ол жөнінде белгі қойылады, құқылы.

12. Құжаттар, пакетімен бірге, конкурстың нәтижесі жөніндегі комитет хаттамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынылды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК